

Үштөбе қаласы бойынша салық төлемдері үшін қаланың жерін аймақтарға бөлудің сызбасын бекіту туралы

Күшін жойған

Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2007 жылғы 17 сәуірдегі N 50-223 шешімі. Алматы облысының Әділет департаменті Қаратал ауданының Әділет басқармасында 2007 жылы 15 мамырда N 2-12-51 тіркелді. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2011 жылғы 29 желтоқсандағы N 61-268 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Алматы облысы Қаратал аудандық мәслихатының 2011 жылғы 29 желтоқсандағы N 61-268 шешімімен

Қазақстан Республикасының Кодексі "Қазақстан Республикасының Жер кодексінің" 8-бабының 2-тармағына, 9-бабының 1-тармағына, 11-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының Кодексі "Қазақстан Республикасындағы Салық Кодексінің" 338-бабының 1-тармағына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 6-бабының 1-тармағының 13-тармақшасына сәйкес, сондай-ақ аудан әкімінің 2007 жылғы 27 наурыздағы N 2-10-216 өтініш хатының негізінде Қаратал аудандық мәслихаты **ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. Үштөбе қаласы бойынша салық төлемдері үшін қаланың жерін аймақтарға бөлудің қоса беріліп отырған сызбасы 1, 2 қосымшаға сәйкес бекітілсін.

2. Аудандық салық комитеті жерге салық төлеуді есептегенде аталған шешімге сай, жер салығының ставкасын өсіңкі және төмендетілген коэффициентін қолдансын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Сессия төрағасы:

Б. Смайылов

Мәслихат хатшысы:

М. Рақымбаев

КЕЛІСІЛДІ:

мекемесінің бастығы

"Қаратал ауданының жер қатынастары бөлімі" мемлекеттік

Владимир Дмитриевич Ан

комитетінің бастығы

Қаратал ауданы салық

Құрманбек Нүсіпбекұлы Асанов

Қаратал

аудандық

мәслихатының

2007

жылғы

17

сәуірдегі

N 50-223 шешімімен бекітілген
 "Үштөбе қаласы бойынша салық
 төлемдері үшін қаланың жерін
 аймақтарға бөлудің сызбасын
 бекіту туралы" шешіміне
 1 қосымша

Үштөбе қаласы бойынша салық төлемдері үшін қаланың жерін аймақтарға бөлу таблицасы

Аймақ N	Жер салығының базалық ставкасына ұсынылып отырған өзгеріс коэффициенті	Қаланың жерін аймақтарға нысаналы жіктемесі бөлудің мақсат
I	2	3
II	0,8	002-007,014
III	1,2	008-010,012,013
IV	1,5	011

Қаратал аудандық мәслихатының
 2007 жылғы 17 сәуірдегі
 N 50-223 шешімімен бекітілген
 "Үштөбе қаласы бойынша салық
 төлемдері үшін қаланың жерін
 аймақтарға бөлудің сызбасын
 бекіту туралы" шешіміне
 2 қосымша

Үштөбе қаласы бойынша салық төлемдері үшін қаланың жерін аймақтарға бөлу сызбасы (схемасы)

